

Издается с 2005 года

ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН
АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
БИБЛИОТЕКА ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ И
СЛАБОВИДЯЩИХ ГРАЖДАН

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан
Обязателен выпуск рельефно-точечным шрифтом



НӨМІРДЕ:

В НОМЕРЕ:

Тәкен Әлімқұлов «Қараой» шығармасы
Кітапхана жұмысын дамытудағы инклюзивті органның
атқаратын рөлі
«Стон дикой долины» нүктелі-бедерлі қаріпте шығарылған
кітаптың тұсаукесері
Өмір жырлары
Оқырмандар шығармашылығынан – Творчество наших
читателей
Фонд литературы РТШ пополнился новыми книгами
Қызық екен - Это интересно

1(117)

2025



«Слон дикой долины»
нүктелі-бедерлі қаріпте
шығарылған кітаптың тұсаукесері өтті

РБНСТ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ - ПОЗДРАВЛЯЕМ!

ЯНВАРЬ

5 января – 90 лет со дня рождения казахского поэта Кадыра Мырзалиева (Кадыр Мырза Али) (1935-2011)

7 января – 120 лет со дня рождения певца (баритон), киноактера, режиссера, народного артиста КазССР, лауреата Государственной премии СССР Курманбека Жандарбекова (1905-1973)

10 января – 110 лет со дня рождения казахского писателя, лауреата Государственной премии СССР, участника Великой Отечественной войны Ильяс Есенберлина (1915-1983)

12 января – 85 лет со дня рождения писателя, прозаика, академика, заслуженного деятеля РК Досанова Сабита Аймахановича (1940-2024)

28 января – 95 лет со дня рождения государственного и общественного деятеля, ученого РК, заслуженного экономиста Жандосова Санжара Оразовича (1930-1992)

ФЕВРАЛЬ

2 февраля – 85 лет со дня рождения известного писателя Магауина Мухтара Мукановича (1940)

10 февраля – 65 лет со дня открытия Республиканской научно-технической библиотеки (1960)

13 февраля – 85 лет со дня рождения певца, композитора, народного артиста КазССР Хасангалиева Ескендира Утегеновича (1940-2021)

ӘДЕБИЕТ – ЛИТЕРАТУРА

2025 жылы «Бір ел – бір кітап» республикалық акция аясында проза жанры бойынша жазушы, ақын, әдебиет сыншысы Тәкен Әлімқұловтың шығармалары, поэзия жанры бойынша ақын, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, биыл 90 жылдық мерейтойы аталып өтетін Жұмекен Нәжімеденовтың шығармалары тандалды.

Ұлттық әдебиетімізді келешек ұрпаққа насихаттау – парызымыз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев III Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Біз, ең алдымен, жастарды кітап оқуға баулуымыз керек. Сонда жаппай кітап оқитын ұлтқа айналамыз»-деген еді.

Ендеше, жылдағы дәстүр бойынша еліміздің көрнекті өкілдерінің шығармаларын таныстыру жалғасын таба бермек.

Назарларыңызға Тәкен Әлімқұловтың «Қараой» шығармасын ұсынамыз.

Ақыраптың ұзақ түнінде Мақамбеттің ұйқысы шала болды. Әлденеден көңілі алағаржақтанып, жүрегі өрекіп, дөңбекшіп шықты. Құлқын сәріде төсектен тұрып, тысқа шығып еді. Үйінің жанында біраз тұрып қалды.

Таң көктемнің таңындай толықсып атты. Күз таңының мұншалық сұлулығын бұрын көрген емес-ті. Күн де көктемнің күніндей айдарланып, сансыз алтын найзасын шашағымен шашырата шықты. Қазіргі сәтте шашақты найзадан айрылған күн күйеудің жыртысқа түскен сал орамалындай пәршектенген кіреуке бұлттардың арасынан сығалап қарайды. Асқа тіккен алтын жамбыға да ұқсап кетеді...

Сауыры жалпиған шексіз даланың ішке бүккен бүйрегіндей дөңгеленген Қараойда, Мақамбеттің жалғыз үй отырғанына үш айдың жүзі. Үстінен құс ұшпайтын шөл ойпаң көлденең көзден таса. Дүрбі де тарта алмайды. Бағы заманда Батыйдың жер қайыстырған қалың қолы жұртты түгел тонағанда, осы Қараойдағы ауылдарды көрмей өтіп кетіпті-міс. Одан беріде Қараойға Ер Тарғын ат шалдырыпты-мыс. Мақамбеттің бала кезінде бұл жер – бір тайпа елдің күздік жайлауы еді. Бұл күнде бұлақ, бастаулары тартылған жайлау – жатырқау түз. Бала ойнайтын баяғы үңгірлер борсықтың ініне, ешкі жайылатын беткейлер қарақұйрықтың өрісіне айналған. Баяғы ала құйрық ақ құйындар шала құйрық сары жел боп еседі.

Қарашаға қарай тері сүйреткендей боп қалатын Қараойдың қойнауы – бұл күнде, ақыраптың орта шенінде, шүйгінді де

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

құйқалы. Екі түйе, бір бота мен жалғыз жылқыға қараша үйдің арқан байларлық айналасы ғана сыр берген. Одан арғы жағы – тіс жармас томырық қабақтай, жабырқау. Барған сайын қоюланып, толқынды теңізге де ұқсап кетеді. Сирек біткен биік қызыл изендердің басы аралға ұқсаса, ақ селеулердің үкісі желбіреген желкенді еске түсіреді. Мақамбет басқа ғаламнан келгендей, Қараойды жаңа көргендей сезінеді. Баяғы балдай балалық, сағынышты шақ қалған ойпаң – көзіне оттай ыстық та, жаудай жат та. Ынтыға есейген, торыға тоқыраған, дерттен қайта ашынған ақын Қараойды бірде қайта құтайған құтқа баласа, бірде елі ауып кеткен сары жұрттың төрінде төңкеріліп жатқан қара шаңыраққа ұқсатады. Көзі көміліп қалған бұлақ, бастаулар тілі байланған шежіредей ыммен сыр шертсе, сансыз жылдың дауылына, жауынына шыдаған тамырлы өсімдіктер көзі тірі куәдай сыбдырлайды. Алғашқысы «Мың бір түнді» жатқа білетін қариды еске түсірсе, соңғысы тұлымы қырқылған тұл сұлудың қайта шыққан шашын елестетеді. Екеуі де мәңгілікпен сырласқан, ұғысқан, баян табысқан жардай, басы жұмыр пендені бірде аяп, бірде табалап, бәдіктей айналдырады. Әуеде ұшқан қызғыш: «екеуміздің тағдырымыз бір» дегендей, қанатымен бәйек болады.

- Байғұс-ау, саған не болған? Шайың және де суып қалды ғой, - деді Әуес.

Мақамбет үй жанында ұзатар қыздай ұзақ тұрып қалғанын енді ғана байқады. «Ау, шынында да, маған не көрінді?!» - дейді дегбірсізденіп. Көргеніне қызығады, көргенінен шошиды. Денесінде қызу бар ма, қалай? Елірмесі бар баладай боп тұр. Миының түкпірі шыңылдап, құлағы жартастай жаңғырыға ма, немене? «Қой, үйге кірейін», - дейді Мақамбет. Шәркез сиқыр елестерден құтылғанша асығады. Ыстық, қою шай Мақамбетті ширатты. Қара торы дидарына болмашы қызғылтым шырай теуіп, басының сақинасы жазылды. Мақамбет баласына:

- Нұрсұлтан, атқа мініп қыраңға шығып келші. Ықылас неғып кешікті? - деді.

Нұрсұлтан тасырлата жөнелді.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Мақамбет Ықыластың кешіккенінен қобалжулы екенін енді-енді анық сезіне бастағандай. Кейінгі келгенінде: «Мақа, сізді қалың ел қорғаштауда. Келер жолы сенімді кісілерді ерте келмекпін» - деген. Бұған иланған Мақамбет жансыз жолаушының артынан сүйсіне қарап тұрғанда, оның күдірейген жауырынынан күдік алып қалып еді. «Мына сұңғыла мырс-мырс күліп бара жатқан жоқ па?» - деп сазарған. Енді ойласа, содан бері көңілінен көмескілік арылмаған екен. Бүгін түнде ұйқысының шала болуында дұдамалдықтың дерті жатқандай.

Осы жасқа шейін Мақамбеттің сенген жаны көп те, сенімін ақтағаны аз. Көзіне шөп салғандарын ойына алғысы да келмейді. Әсіресе, Мақамбеттің басына Баймағамбет сұлтанның мың сом тіккені туралы құбыжық лақап таралғалы бері өзгерімпаздықты ойлауға жүрексінеді. Көлеңкесінен қорыққан қоянға ұқсағысы және келмейді. Тәуекелдің жел қайығын кімнің сындырары мәлімсіз. Исатайы келмеске кеткесін-ақ тағдыры ауытқуға ұшырағанын Мақамбет пайымдайды.

Хан-сұлтанның қарулы әскеріне қарсы соғыста Исатай оққа ұшып, Мақамбеттің жалғыздық зарын шеккеніне – сегіз жыл да үш ай. Ұзақ уақыттың ішінде жасаған сансыз жорығы, шабуылы, қырғыны ойына оралды. Қапы қалған, қапия кеткен жері көп екен. Қарулы қолға төтеп бере алмау шарасыздық болса, хан баласынан ұқсатып кек ала білмеу өкініш. Өзек өртейтін, бармақ шайнататын өкініш. О баста Исатай батырдың сенгіштігінен Жәңгір ханға он күн мәулет беріп, сазға бір отырса, бертінде ауыл ағасы, ру басыларының солқылдақтығынан Баймағамбет сұлтанның басын шаба алмай қайтуы – қияметтік қапиялық. Қара шұбар жыланның құйрығын басып, басын жаншымай кеткені – енді өзінің басын мың мәнетке тіктіріп отыр.

(Жалғасы келесі нөмірде).

ЖАҢАЛЫҚТАР – НОВОСТИ

**Кітапхана жұмысын дамытудағы
инклюзивті ортаның атқаратын рөлі**

Инклюзивті білім беру – бұл мүмкіндігі шектеулі адамдарға

тең қызмет көрсету.

Барлық адамдар білім алуда тең мүмкіндіктерге ие болуы керек. Сондықтан қазіргі таңда мұндай адамдар үшін олардың барлығымен қатар оқуы үшін арнайы жағдайлар жасалуда.

Ағылшын тілінен аударғанда «инклюзия» термині «қосылу» дегенді білдіреді.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға инклюзивті білім беру (тәрбиелеу) – бұл бірлескен оқу сабақтарын, бос уақытты, қосымша білім берудің әртүрлі түрлерін ұйымдастыруды қоса алғанда, арнайы жасалған жағдайларда бірлесіп оқыту және тәрбиелеу.

Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру жалпыға ортақ білім беру терминімен қатар аталады. Өйткені, инклюзивті білім беру – БҰҰ-ның бірқатар конвенциялары қолдайтын жаһандық қозғалысқа айналып отыр. Жалпы, «Инклюзия» термині мен инклюзивті білім беру принциптері 1994 жылы Испанияның Саламанкадағы ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім беру жөніндегі дүниежүзілік конференцияда Халықаралық қолданысқа енгізілген еді. Аталмыш «Баршаға арналған білім» халықаралық бағдарламасына Қазақстан да қосылды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 26 маусымда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Осы Заң аясында қазіргі таңда еліміздегі мектепке дейінгі және орта мектептегі білім беру ұйымдары заң бойынша барлық балаларды, оның ішінде білім беру қажеттіліктері бар балаларды қабылдауға тиіс.

Жалпы, арнайы білім беру әр баламен жеке жұмыс жасауды, әр балаға назар аударуды қажет етеді. Осы мақсатта елімізде Ұлттық үздіксіз инклюзивті білім беру орталығын іске қосып, кадрларды даярлау және қайта даярлау мәселесі қарастырылды. Бұған қоса, еліміздегі педагогтар оқытатын жоғары оқу орындарының бағдарламаларына «инклюзивті білім беру» модулі қосылып, педагогтар үшін біліктілікті арттырудың курс-

тары ашылды.

Кітап – адамзат баласы ойлап тапқан игіліктердің ішіндегі ең ұлы әрі ізгі жаңалығы екендігі даусыз. Егер ол болмағанда біздің бүгінгі өркениетке жету – жетпеуіміз неғайбыл. Бойына барлық ілім мен ғылымды жинақтап, ақыл-ой иелерінің рухани және дүние жайлы толғаныстарын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген баспа өнімдері бүгін де өз құндылығын жоғалта қойған жоқ.

«Кітап – асыл азық, кітапхана киелі қазық» - деп бабаларымыз айтып кеткендей оқу мен білім беру ісінде кітаптың алар орыны зор екенін жоққа шығаруға болмайды.

Сондықтан тәуелсіз еліміздің болашақ иелері – жас ұрпақты тәрбиелеуде кітапханалардың атқарып отырған рөлі өте үлкен. Алматы қаласындағы Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы да бүгінгі күні өзіне жүктелген міндеттерді лайықты атқарып келеді.

Қазақстанның әрбір азаматы сияқты, зағип жандардың да қоғамда өз орнын табуға, білім алуға, еңбек етуге, шығармашылыққа толық құқы бар. Сондықтанда кітаппен қамтамасыз ету дұрыс жолға қойылса, көз мүгедектерінің толық дұрыс өмір сүруіне көмектеседі.

«Қазіргі заман – ақпарат заманы» деген аксиоманы ешкім жоққа шығара қоймас. Ақпараттық қоғамды құрудың әлемдік тенденциясы барлық деңгейдегі кітапханалардың тыныс-тіршілігіне, кітапханалық үрдіске де өз әсерін тигізбей қоймады. Ақпараттық қоғамға батыл қадам жасап, ақпараттар ағынында алтын көпірдей болып, ақпарат пен пайдаланушының арасын жалғап тұрған маңызды тетіктің бірі кітапханалар екені даусыз. Өйткені, кітапханалар – ақпарат көзі, ақпаратты таратуды ұйымдастырушы, ақпараттық-кітапханалық мәдениетті тәрбиелеу орталығы, сауатты пайдаланушыны қалыптастыру орындарының бірі.

Алматының ағарту айнасында шұғыласы шағылысқан оқу-өнер ошағы, қаламыздың кітаби өлкесінде өз қазыналы қоймасы мен мойындалған орны бар білім ордасы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив,

құжаттама және кітап ісі комитетінің «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» республикалық мемлекеттік мекемесі.

Аталмыш кітапхананың құрылғанына 54 жыл толды. Бұл, әрине, жәй жүріп өткен жол емес. Осы жылдарда мүгедектердің бар өміріне және қызметіне қоян-қолтық араласа отырып, кітапхана: оңалту, әлеуметтену, білім алу, инклюзивті білім беру орталығына айналды.

Қазіргі таңда кітапхана Алматы қаласы Білім басқармасының мектепке дейінгі арнайы ұйымдарымен, колледж, ЖОО-мен тығыз жұмыс атқаруда. Алматы қаласы Білім басқармасының «№124 көру және сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған мектепке дейінгі арнайы ұйымы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, балалардың ақыл-ойын дамытатын инклюзивті «MaxKids» орталығына барып, бүлдіршіндерге көптеген ертегілерді тифлотүсініктемемен көрсетті. Жыл сайын жас оқырмандарымызға жаздық демалыстарын тиімді өткізуіне арналған шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ қайырымдылық үйірмелері бар. Осы жылы кітапхана директорының орынбасары, ҚР шахматтан спорт шебері, жаттықтырушы, I топтағы көз мүгедегі Джумабеков Махсут Тайнович көз мүгедектігі бар және толыққанды балаларға шахмат үйірмесін жүргізіп, қорытынды жарыс ұйымдастырып, қатысушыларды қаржылай марапаттады. Кітапхана қызметкерлері қаламыздағы екінші дәрежелі банктермен қарым-қатынас орнатып, инклюзия сұрақтарына кеңес беріп отырады. Сонымен қатар, мобильдік қосымшаларды дамытуға өз үлестерін қосып жүр. «Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығару бөлімінің қызметкерлері облыстық арнайы кітапханаларға онлайн түрінде кәсіптік білімді жетілдіру сабақтарын өткізіп, нәтижесінде кітапханаларға әдістемелік құралды нүктелі-бедерлі қаріпте таратты.

2023 жылдың 20 қазан күні Астана қаласында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ұйымдастырумен 24 қазан – Кітапханашылар күніне орай «Қазмедиа» орталығында

«Руханият шамшырағы» атты салтанатты іс-шара өтті. Оған Қазақстанның әр өңірінен 200-ден астам кітапханашы мамандары қатысты.

Аталған іс-шараға кітапхана директоры Асхат Байұзақов және кітапхана қызметкерлері Гүлназ Даржанова мен Нурия Баймуратова қатысты.

Шара барысында облыс кітапханалары заманауи кітапхана жобаларын көрсетті. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана «EREKŞE» инклюзивті жобасымен таныстырды. Жоба жетекшісі, «Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын шығару бөлімінің басшысы Баймуратова Нурия Демалышовна «Брайль» жүйесі бойынша қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі «Қазақ халық ертегілері» жұмысы үшін «Мәдениетаралық және этносаралық бірлікті нығайту бағытында мәдениет пен өнер саласындағы үздік жұмыстар мен туындылар үшін» сыйлығы лауреатының дипломымен марапатталып, қомақты қаржыға ие болды. Аталған кітапты арнайы мектеп-интернат оқушылары және арнайы кітапханалардың көзі көрмейтін және нашар көретін азаматтары, мектепке дейінгі арнайы ұйымдардың тәрбиеленушілері асқан қызығушылықпен пайдалануда.

Алматы қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесімен екіжақты ынтымақтастық меморандумға қол қойып, Алматы кітапханаларының жетеуінде («Жамбыл атындағы қалалық жасөспірімдер кітапханасы», «Alatau Creative Hub», Чехов атындағы орталық қалалық кітапхана, Қазақстан жазушыларының кітапханасы, сондай-ақ, № 4, № 14 және № 45 бөлімшелері) арнайы тифлотехникалық құралдармен жабдықталған инклюзивті бұрыш ашылып, онда зағип жандар кеңесші қызметін атқарып, есту және көру қабілеті бұзылған адамдарға қызмет көрсетеді.

Кітапхана қызметкерлері ЖОО орындары және кітапханалар ұйымдастырған көптеген аймақаралық, Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, тәжірибе алмасуда.

Қазіргі таңда Сыртқы Істер Министрлігінің Қазақстандық

халықаралық даму агенттігі жобасы бойынша, шекаралас мемлекеттерде тұратын отандастарға қазақ тіліндегі басып шығарылған әдебиеттермен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Түркия республикасы, Измир қаласындағы нашар көретін азаматтарға арналған кітапханасымен зум байланысы арқылы сұхбаттасып, екіжақты ынтымақтастық келісімге отыру мәселесі талқыланды.

Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының Женевадағы (Швейцария) халықаралық бюросымен келісім жасалып, Марракеш шарты бойынша ABC Жаһандық кітап сервисіне 75 құжат жүктелді. Бұл ақпарат қазіргі таңда әлемнің түкпір-түкпірінен көру қабілеті бұзылған жандарға қолжетімді.

Тағы бір жағымды жаңалық 2025 жылдың 28 қаңтарында Астанада ҚР Президенті «Зағиптардың және көру қабілеті бұзылған немесе баспа ақпаратын қабылдау қабілеті өзгедей шектелген адамдардың жария етілген туындыларға қол жеткізуін жеңілдету туралы Марракеш шартын ратификациялау туралы» ҚР Заңына қол қойды. Бұл шартқа сәйкес, зағип және көру қабілеті нашар адамдарға әлемдік туындылар қолайлы форматта шығарылады. Аталған Марракеш шарты, Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымымен (ДЗМУ) 2013 жылы қабылданған болатын.

Елімізде саясат пен экономикалық реформаның өзгеруіне байланысты кітапханалар дамуы жаңа кезеңге көшті. Бүгінгі таңда кітапханалар әлдеқайда жан-жақты күрделі міндеттерді шешуде және әлемдік ақпарат кеңістігінде өзіндік орны бар.

Гүлназ Даржанова,

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің

«ЗНКААРК» РММ «Өнер және спорт әдебиеттері бөлімінің» басшысы

«Стон дикой долины» нүктелі-бедерлі қаріпте шығарылған кітаптың тұсаукесері

2025 жылдың 10 қаңтар күні Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханада қазақ жазу-

шысы, баспагер, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, кітап авторы Әлібек Асқаровтың қатысуымен «Стон дикой долины» нүктелі-бедерлі қаріпте шығарылған кітаптың тұсаукесері өтті.

Іс-шараға үзеңгілес досы, ҚазҰПУ профессоры, ғылым докторы Досан Баймолда қатысты.

Шараның басты мақсаты – оқырмандарды қазақ жазушысы Әлібек Асқаровтың шығармашылығымен таныстыру, зағиптар үшін арнайы нүктелі-бедерлі қаріпте жаңа жарияланымдарды басып шығару.

Жазушы Әлібек Асқаровтың есімі қазақ оқырманына, сонымен қатар аудармаларының арқасында елімізден тыс орыстілді қауымға да жақсы таныс. Бүгінде оның кітаптары Қазақстанның заманауи әдебиетінің теңізінде адастырмайтын шамшыраққа айналды. Ал әйгілі «Жабайы алқаптың мұңы» романы жақында қайта басылып, мектептерде оқуға ұсынылды.

Бұл шығарманың ауқымы – кеңестік кезеңнің соңы және Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында орын алған оқиғаларды философиялық тұрғыда қабылдаудың тереңдігінде, тамаша сюжеттерінде, автордың ой-пікірінің тазалығы мен өткірлігіне негізделген. Жазушының кейіпкерлеріне деген сүйіспеншілігі оларды оқырманға жақын етіп, жүрегінен орын алдырып, бір уақытта мұңайтып, бір уақытта күлдіреді.

Тұсаукесер шараға оқырмандар мен кітапхана қызметкерлері қатысып, кітап пен жазушының өмір жолына қатысты сұрақтарын қойды.

Алтынай Серікжанқызы,
«Сөйлейтін» және Брайль кітаптарын
шығару бөлімінің қызметкері

Өмір жырлары

В Городской специальной библиотеке для незрячих и слабовидящих граждан в рамках проекта библиотеки «Жанға шипа, көңілге медет кітаптар» прошла встреча «Өмір жырлары».

Мероприятие было проведено с участием инвалида по зрению I группы, читателя библиотеки, пенсионера, члена Казахского

общества слепых Жаксыбая Айткожиновича Айткожина.

Жаксыбай Айткожинович работал директором учебно-производственного предприятия Казахского общества слепых в г. Темиртау, Карагандинской области. В 2023 году награжден медалью «Почетный член Казахского общества слепых». Несмотря на пенсионный возраст Жаксыбай Айткожинович принимает активное участие в общественной работе Казахского общества слепых.

В мероприятии приняли участие: Председатель Акмолинского областного филиала Казахского общества слепых Батырхан Ахметов; руководитель корпоративного фонда «Альфа-2030» Владимир Селиванов; читатели библиотеки, студенты университета им. Ш. Уалиханова, родственники, одноклассники.

В ходе мероприятия Председатель Акмолинского областного филиала Казахского общества слепых Б.Г.Ахметов вручил Благодарственное письмо.

Библиотекарь рассказала биографию и о трудовом пути Жаксыбая Айткожиновича. Участники художественно-эстетического клуба «Гармония» Ахметжанов Н., Сайлыбаева Р., Михель А. исполнили песни. Гости и одноклассники поздравили и делились воспоминаниями.

В конце мероприятия Жаксыбай Айткожинович поблагодарил всех присутствующих, отвечал на вопросы студентов.

Гаухар Токкожина,
библиотекарь Городской специальной библиотеки
для незрячих и слабовидящих граждан

ТИФЛОПЕДАГОГ КЕҢЕСІ – СОВЕТЫ ТИФЛОПЕДАГОГА

Гимнастика при косоглазии

Косоглазие — это отклонение зрительной оси одного из глаз от общей точки фиксации. По мнению Бейтса, косоглазие и амблиопия, подобно аномалиям рефракции, являются чисто функциональными проблемами. Из того, что они всегда уменьшаются при снятии сопровождающего их напряжения

глазных мышц, следует, что для их устранения могут быть использованы любые методы, способствующие достижению расслабления и центральной фиксации. Как и в случае с аномалиями рефракции, косоглазие исчезает, а амблиопия корректируется, как только человек добивается достаточного психического контроля.

Таким образом, оба состояния могут быть временно улучшены в течение нескольких секунд, а постоянное их устранение представляет собой, по сути дела, процесс превращения этого временного состояния в непрерывное.

Кроме общих упражнений на расслабление для лечения амблиопии нужно применять и специальную методику, которая представлена ниже.

Как пишет Корбетт, любой человек, чьи глаза косят, или кто знаком с таким человеком, знает, что бывают моменты, когда глаза косят меньше, а нередко и смотрят почти совершенно прямо. Если бы, как это обычно утверждается, одна группа мышц была слишком коротка и нуждалась в рассечении, а противоположная группа мышц была слишком длинна и нуждалась в резекции, то временного исправления косоглазия произойти не могло бы никогда.

Вы можете научить туго натянутые, конвульсивно сжавшиеся мышцы глаза расслабляться. Тогда глаза будут стремиться к правильной центровке вместо ухода от нее. Но это лишь первый шаг в решении проблемы. Дело в том, что глаз, который отклонялся наружу или внутрь в течение длительного времени, привык видеть периферическим участком сетчатки вместо того, чтобы фиксировать рассматриваемый объект своим центром зрения — макулой. Чтобы удержать такой глаз постоянно в правильном положении, необходимо восстанавливать зрение макулой до тех пор, пока оно не станет сильнее первоначально сформировавшегося зрения краем сетчатки (ложной макулой). После этого надо научиться объединять два изображения, передаваемых в мозг двумя макулами, чтобы они слились в мозгу в одно четкое изображение.

Если глаз косит достаточно долго, то клетки его истинной

макулы, возможно, находятся в своеобразной спячке или же перестали реагировать на свет. Тем не менее, врачи считают, что если подобное произошло с достаточно хорошим глазом, то часто удастся поднять зрение не использовавшегося глаза, то есть глаз можно научить видеть. Закрывая более сильный глаз, расслабляя неиспользуемый и стимулируя нервы его сетчатки солнечным светом, многим людям удавалось развить макулу отклоняющегося глаза до такой степени, что он приобретал такую же остроту зрения, как и его более сильный партнер!

Поэтому желающим избавиться от косоглазия пройти три этапа программы:

1. Расслабить и освободить натянутые мышцы глаз, чтобы глаза могли поворачиваться вместе, находясь в правильной центровке.

2. Строить зрение в центре глаза до тех пор, пока оно не станет сильнее, чем зрение в ложной макуле. Это надо сделать и с более сильным глазом, поскольку отклоняющийся глаз может тянуть за собой и другой глаз.

3. Объединить зрение обоих глаз, то есть слить воедино изображения от двух макул путем сведения одних и тех же точек изображения вместе в каждый момент времени. Как только глаза добьются такого слияния, их уже не будет устраивать никакое другое зрение. Слияние изображений удержит их постоянно прямыми.

Когда косящие глаза добиваются слияния, чувство нервного облегчения ошеломительно. Как сказал мне один из пациентов, адвокат, когда он впервые добился слияния, это было подобно второму рождению.

Как сделать первый шаг — расслабить натянутые мышцы? Большое количество солнечного света, падающего на закрытые веки, расслабит напряженные мышцы. Глаз после соляризации никогда не оттягивается в такой же степени, как до нее.

Солнце — сильнейший стимулятор для ослабевших, или амблиопических, нервов сетчатки. Поэтому ежедневно давайте глазам как можно чаще смотреть на солнце сквозь веки. Понемногу, но часто — таково правило.

После соляризации натянутые мышцы расслабляются, и глаза готовы к выполнению поворотов.

Панков О. Тренинги и игры для мышц глаз. Уникальные упражнения для восстановления зрения по методу профессора Олега Панкова. - М.: АСТ: Астрель: Полиграфиздат, 2011. - С.126-129.

ОҚЫРМАНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН – ТВОРЧЕСТВО НАШИХ ЧИТАТЕЛЕЙ

Овчарова Вера Павловна

Родилась в 1955 г., инвалид I группы по зрению общего заболевания, член Карагандинской городской первичной организации ОО «КОС» с 2005 г.

Родилась в семье железнодорожника на станции Егоршино Свердловской области. В 1957 году семья переехала в Караганду. В школьные годы Вера, не смотря на проблемы со зрением, очень любила читать, особенно ей нравилась поэзия, пыталась и сама писать стихи. В 1975 году поступила на экономический факультет Карагандинского Государственного Университета. После окончания учебы работала в системе Госбанка СССР, затем в системе Нацбанка Республики Казахстан.

Вышла замуж, родилась дочь, но вскоре - овдовела. А после 40 лет катастрофически начало падать зрение. С опозданием был поставлен диагноз – «глаукома», а затем - и «катаракта». К сожалению, после неудачной операции ей пришлось уйти с работы из-за полученной инвалидности. После долгого лечения и нескольких операций удалось частично восстановить зрение.

Появилась возможность больше времени уделять стихам. «Стихи значат для меня очень много», - говорит Вера Павловна, - «Они для меня – средство общения с миром, возможность заполнить свою жизнь событиями, радостными для меня. Так как семья у меня небольшая, возможность делиться своим творчеством с окружающими для меня является настоящей радостью, я становлюсь более открытой, и в стихах не боюсь раскрыть свои чувства и мечты».

Вера Овчарова – дипломант 3 степени международной

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

премии «Филантроп» (г. Москва), присуждаемой самодеятельным авторам в жанре «Поэзия».

Если мир ты ясно видишь

Если мир ты ясно видишь:
Солнце, землю, небеса,
Дом родной, цветы, деревья...
И любимые глаза...
И при том прекрасно слышишь,
Пенье птиц весной в лесах,
Шелест листьев, шум прибоя...
И родные голоса...
И вдыхаешь с упоением
Воздух после летних гроз,
Запах первых трав весенних
И благоуханье роз...
Наслаждаешься ты вкусом
Сока, кофе с молоком,
Спелых яблок и арбуза,
Хлеба свежего с медком...
И, к тому же, ощущаешь

Дружеской руки тепло...
Не всегда ты понимаешь:
Тебе очень повезло,
Если мир воспринимаешь
Всеми органами чувств,
В жизни многое узнаешь,
Но не знать тебе бы грусть
От того, что ты не можешь
Видеть, слышать, осязать
Или никогда не сможешь
Слово, хоть одно, сказать...
Ты не обделён Су дьбою,
И здоровье есть - цени!
Но не очерствей душою,
Милосердье сохрани.

Июль 2011 года

Слова назидания

Читая, слыша мудрые слова,
Заглядываю в собственную душу.
Безжалостно правдивы зеркала.
Я временный покой души нарушу.
Всегда ль безгрешны мысли,
помыслы чисты?
Не властвует ли лень порой над
телом?
Не увязаешь ли ты в сладости
мечты,
Вместо того, чтобы заняться делом?
Не возникает ли желанье осудить
Кого-нибудь за их поступки и
слова,
В уверенности - можешь ты судить,
Твоя лишь точка зрения верна?

А зависти порою семена
В душе не прорастают сорняками?
Насколько вера в Свет, Добро
сильна,
Чтоб устоять пред злобными
словами?
Всегда ли Воля, Разум и Душа
В согласии и мире пребывают?
Но жизнь поистине тогда лишь
хороша,
Когда сердца любовью наполняют...
И перечитывая мудрые слова,
В пороках признаваться я не трушу.
Никто другой, а только я сама
Смогу очистить собственную душу.

5.10.2013

Учусь я радоваться малому

Учусь я радоваться малому:
И утру раннему, и дню,
И вечеру, такому славному,
Когда тепло пришло в Весну,
Травинкам первым, что несмело
Ползут сквозь жухлую листву,
Рисункам на асфальте мелом
И пенью пташек поутру,
Сирени буйному цветенью,
Журчанью чистого ручья,

В зной летний - ветра дуновенью,
Прохладным капелькам дождя,
Водице - дару родниковому,
И вкусу ягоды во рту,
И воздуху - пряно-медовому -
В знакомом с детства мне саду...
Любуюсь Господа твореньем -
И хочется мне жить и жить,
И за счастливые мгновенья
Учусь Судьбу благодарить.

БИБЛИОГРАФ ХАБАРЛАЙДЫ - БИБЛИОГРАФ ИНФОРМИРУЕТ

Уважаемые пользователи!

Фонд литературы РТШ пополнился новыми книгами.

Абдуллаев Ч. «Тверской бульвар».

Она - всего лишь скромная сотрудница адвокатской конторы... а по совместительству - гениальный детектив - любитель! Так думают все ее знакомые, и однажды собственная кухня звонит ей, умоляя помочь в огромной беде. Бесследно исчез сын известного ученого.

Арсеньев В. «По Уссурийскому краю».

«По Уссурийскому краю» - первое и одно из самых известных литературных произведений Владимира Арсеньева, описывающее его путешествия 1902 и 1906 годов по горным областям Сихотэ-Алиня. В книге читатель найдёт зарисовки природы Уссурийского края и жизни населяющих её людей: русских, китайцев, корейцев, удэгейцев и др. Особое место занимает история знакомства и отношений писателя с проводником гольдом (нанайцем) Дерсу Узала, ставшим ему другом.

Ахмедов Р. «Растения – твои друзья и недруги».

В этом издании впервые в отечественной литературе по фитотерапии даются сведения о противопоказаниях лекарственных растений. Рим Ахмедов, автор широко известной книги «Одолень - трава», рассматривает более трехсот растений с

их побочными проявлениями, что позволит читателям грамотно, без вредных последствий для здоровья, использовать растительные средства при лечении различных заболеваний.

Бенаквиста Т. «Все для эго».

Рассказы Бенаквиста — это романы в миниатюре, это экскурсии в дебри человеческого подсознания, это непредсказуемые повороты сюжета и необычные концовки. Бенаквиста строит увлекательные сюжеты на основе самых заурядных ситуаций, блистательно пародирует литературные и «жизненные» штампы и приглашает читателя взглянуть на обыденную жизнь с самой неожиданной стороны.

Бенаквиста Т. «Кто-то другой».

Тонино Бенаквиста получил множество премий в области литературы, завоевал половину цивилизованного пространства потрясающим чувством юмора, отличным языком и способностью находить сюжеты и крайне запутанные интриги там, где их, кажется, в принципе быть не может, написал знаменитый роман «Сага» - и в итоге стал одним из самых известных современных писателей не только Франции, но и всей Европы!

Подготовил Мырзабеков Алмас

КЫЗЫҚ ЕКЕН - ЭТО ИНТЕРЕСНО

15 интересных фактов о глазах и зрении

1. Вес глаза составляет примерно 7 г, а диаметр глазного яблока практически одинаковый у всех здоровых людей и равен 24 мм.

2. «Ешь морковь, она для глаз полезна!» — слышим мы с детства. Да, витамин А, содержащийся в моркови, важен для здоровья. Однако прямой связи между поеданием моркови и хорошим зрением нет. Начало такой вере было положено во Вторую мировую войну. Англичане разработали новый радар, позволяющий пилотам видеть немецкие бомбардировщики ночью. Чтобы скрыть существование этой технологии, британские воздушные силы распространили публикации в прес се о том, что подобное видение — результат морковной диеты пилотов.

3. Все дети рождаются с серо-голубыми глазами, и только спустя

два года глаза приобретают свой настоящий цвет.

4. Самый редкий цвет глаз у человека — зеленый. Всего 2% населения Земли имеют зеленые глаза.

5. Все люди с голубыми глазами могут считаться родственниками. Дело в том, что голубой цвет глаз — это результат мутации в гене *HERC2*, из-за которой у носителей такого гена снижена выработка меланина в радужной оболочке глаза, а именно от количества меланина зависит цвет глаз. Возникла эта мутация примерно 6-10 тыс. лет назад в северо-западной части черноморского побережья. Чтобы было проще сориентироваться — это там, где Одесса.

6. У 1% людей на Земле цвет радужки левого и правого глаза неодинаков.

7. Самый простой тест на остроту зрения. Посмотрите ночью на небо, найдите Большую Медведицу. И если в ручке ковша, возле средней звезды, вы отчетливо увидите небольшую звездочку, значит, ваши глаза обладают нормальной остротой. Этот способ проверки зрения был принят у древних арабов.

8. В теории человеческий глаз способен различать 10 миллионов цветов и порядка 500 оттенков серого. Однако на практике хорошим результатом считается умение различать хотя бы 150 цветов (и то после длительной тренировки).

9. Рисунок радужки глаза у человека индивидуален. По нему можно идентифицировать личность.

10. Жители Прибалтики, северной Польши, Финляндии и Швеции считаются самыми светлоглазыми европейцами. А наиболее количество людей с темными глазами живет в Турции и Португалии.

11. При том, что слезы у нас текут все время (они смачивают глаза), плачем мы сравнительно редко. Женщины, например, плачут в среднем 47 раз в год, а мужчины — 7. Причем чаще всего — между 18.00 и 20.00, в 77% случаев дома, и в 40% — в одиночестве. В 88% случаев человеку, который поплакал, становится лучше.

12. Человек в среднем моргает через каждые 4 секунды (15 раз в минуту), время моргания — 0,5 секунды. Можно подсчитать, что за 12 часов человек моргает 25 минут.

13. Женщины моргают примерно в два раза чаще, чем мужчины.

14. У человека 150 ресниц на верхнем и нижнем веке.

15. Чихнуть с открытыми глазами невозможно.

Источник с интернета

РБНСГ - ВЕСТИ



«Сон дикой долины» нүктелі-бедерлі қаріпте шығарылған кітаптың тұсаукесері



Овчарова
Вера
Павловна

Өмір жырлары

Кітапхана жұмысын
дамытудағы инклюзивті
ортаның атқаратын ролі

Уважаемые читатели, вы можете стать авторами нашей газеты.

Присылайте к нам свои статьи, очерки, стихи и прочие интересные материалы по адресу: 050000, г. Алматы, ул. Муратбаева, 171

или по электронной почте: rbnsg@inbox.ru

Газета доступна на сайте: www.blindlib.kz

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на учет № 8212-Г от 26 марта 2007 года.

Подписной индекс 64186

Газета отпечатана в типографии АО «Кокше-Полиграфия»,
Акмолинская область, г. Кокшетау, ул. Ауельбекова, 98
тираж 100 экз. Заказ № 448

Главный редактор – Байузаков А.К.

Редактор по Брайлю – Сыздыков Б.Т.

Корректор казахского языка – Даржанова Г.Т.

Корректор русского языка – Дорбабаева Л.А.

Верстка – Дорбабаева Л.А.

Адрес редакции: ул. Муратбаева, 171

тел.: 8 (727) 293-70-80

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.
Материалы публикуются в авторской редакции.